



ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қ А Р А Ф А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ф А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

• БАСПАСӨЗ ТУРЫ

Грант: өзгерген өмір, жайланған көңіл

Аймақта биыл 178 адам өз ісін ашуға мемлекеттік грант ұтып алды. Біраз уақыт бұрын ғана жұмыссыздар санатындағы олар – қазір кәсіпкер. Олардың дені көпбалалы, мүгедек немесе мүгедек баланы тәрбиелеп отырған отбасы мүшелері. Мемлекеттік грант халықтың әлеуметтік осал топтарына беріледі. Мемлекеттік қолдаудың арқасында бұл жандар өмірлерін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік алды. Өздері ғана емес, өзге де жұмыс тауып беріп отыр.



Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысы бойынша еңбек ұтқырлығы орталығының басшысы Нұржан Сыздықовтың айтуынша, келер жылы грант саны артады.

– Гранттар өз ісін ашу үшін әлеуметтік осал топ өкілдеріне беріледі. Грант сомасы 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде. Биыл бұл – 1 476 800 теңге. Гранттар үміткерлердің өтініштерін қарайтын өңірлік комиссиялардың шешімдері негізінде облыстың барлық қалалары мен аудандарында беріледі. Бұл грант қайтарымсыз. Бірақ, белгілі бір уақыт ішінде жобаның іске асырылуына, қаражаттың мақсатты пайдаланылуына мониторинг жүргізіледі, – деп атап өтті ол.

Биыл ұсынылған бизнес-жобалар әртүрлі. Нұржан Сыздықов бірқатар мысал келтірді.

– Мәселен, Саран қаласында грант қаражатына оттегі барокамерасы ашылды, – деді Нұржан Сыздықов. Ауыл тұрғындары арасында гидропонды мал азығын өндірумен айналысу жобасын ұсынғандар болды. Шет ауданында

бидайдан бионан пісіру жобасы қолдау тапты. Сондай-ақ, Бұқар жырау ауданында бөдене етін ыстау ісіне грант берілгенін атап өтуге болады.

Әркім өзін әртүрлі бағытта сынап көретіні анық. Гүлқаш Ошанова болса, ерекше кәсіп жүргізіп отыр. Ол Қарағандыда садақ ату орталығын ашты. Бұл істе оған баласы қолғабыс етеді.

Гүлқаш Ошанованың айтуынша, көп жыл бойы хирургиялық операция медбикесі болып еңбек еткен. Алайда, ауыр дертке шалдығып, жұмысын тастауға тура келген. Он жылдан астам жұмыссыз отырған ол қазір өз кәсібінің иесі, ұлттық спорт түрін насихаттайды.

– Өзімнің де, жолдасымның да мүгедектіміз бар. Ұлым осындай бағдарлама бар екенін айтып, бизнес-жоспар құруға көмектесті. Мен оны жүзеге асырып көруді шештім. «Бастау бизнес» курстарында кәсіпкерлік негіздерін үйрендім. Бизнес-жоспарымды қорғап, грант алдым. Бұл қаражатқа

барлық қажетті жабдықтарды сатып алдық, залды жалға алдық. Жұмысты тамыз айынан бастағанбыз, қазір жүріп жатыр, – дейді Гүлқаш Ошанова.

Баласы – Жасұлан басты көмекшісі. Бұрын әскери салада қызмет еткен, қазір мектепте алғашқы әскери дайындық пәнінен сабақ береді. Ол келушілерге садақ атудың қыр-сырын үйретеді.

– Мен қағаз жұмыстарымен айналысамын, Жасұлан үйретеді. Бұл ұлттық спорт адам бойында төзімділікті, жеңіске деген ұмтылысты дамытады, назарын шоғырландыруға үйретеді, – деді ол.

Ұлттық өнерді арқау еткен тағы бір кәсіпкер мемлекеттік грант арқасында өз кәсібін бастаған. Көпбалалы ана Торғын Баймағамбетова грант алып, ұлттық үлгідегі киім тігу үшін ателье ашты. Бухгалтерлік мамандық бойынша білім алса да, бұл бағытта еңбек етпеген екен. Бала күтіміне байланысты демалысында ол балаларына киім тігуді бастайды.

– Алдында үйде бала-шағама тігіп беріп жүрдім. Кейін тапсырыс түсе бастағанда үйде жұмыс істедім. Бірақ, жеке орын болмаса, үйде жұмыс істеу қиын. Грантка шағын ательеге арналған үй-жайды жалға алып, жабдық сатып алдым. Қазір тапсырыс та көбірек, өнімділік жоғары, – дейді ол.

Кәсіпкер өзі ғана емес, үш адамды жұмыспен қамтып отыр. Оның айтуынша, тапсырысты тек Қарағандыдан ғана емес, еліміздің түпкір-түпкірінен де алады. Көбінесе оқушыларға арналған ұлттық өрнегі бар желеткелер тігеді. Одан басқа да ұлттық нақыштағы бұйымдар сұраныста. Кәсіпкер алдағы уақытта кәсібин кеңейтіп, жанына көмекші тігіншілер алмақ ниетте.

Суретті түсірген Александр МАРЧЕНКО
СУРЕТТЕ: Торғын Баймағамбетова тігін цехында (оң жақта)

• БАСПАСӨЗ – 2025

Мерзімді баспасөз – рухани азық

Бүгінгі ақпараттық технологиялар дамыған заманда әлеуметтік желілер күнделікті жаңалықтың алғашқы көзіне айналғанымен, салмақты сараптамалар мен мазмұнды мақалаларды, өңірдің маңызды оқиғаларын дәстүрлі мерзімді баспасөзден оқимыз. Себебі, газет – өткеннің шежіресі, бүгіннің айнасы, болашақтың бағдары. Бұл – айнала алмайтын ақиқат, дау тудырмайтын шындық.

Иә, мерзімді баспасөз – халықтың көзі, құлағы һәм тілі. Ахмет Байтұрсынұлының осы бір даналыққа толы сөзі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтқан жоқ. Газет беттерінен аймақтың тыныс-тіршілігі, өзекті мәселелері, әлеуметтік-экономикалық өзгерістерімен танысып, ел болашағына қатысты маңызды жаңалықтарды көзбен көріп, қолмен ұстап оқу – бұл айрықша сезім.

Осы орайда «Орталық Қазақстан», «Индустриальная Караганда» және «Бұқар жырау жаршысы» газеттерін үзбей оқимыз. Отандық басылымға қолдау көрсету – біздің азаматтық борышымыз деп білемін. Қазір газет оқылмайды, оның орнын біртіндеп ақпараттық сайттар, мессенджер, пабликтер ығыстырып келе жатқандай көрінеді. Алайда әлемдік тәжірибеге зер салып қарайтын болсақ, газет саудасының қызып тұрғанын байқаймыз. Мәселен, New York Times газеті күн сайын шығып, 300 000-ға жуық данамен таралады, ал демалыс күндері оның тиражы 1 миллионнан асады. Жылдық таза табысы 2,5 млрд. долларды құрайтын көрінеді. Жапонияның басты басылымдарының бірі — «Өнеркәсіптік-экономикалық газет» күніне 1,5 миллионға жуық данамен екі рет жарық көреді.

Бұл деректер дамыған мемлекеттерде мерзімді баспасөздің қоғамдағы маңызды ролін айқын көрсетеді. Газет тек жаңалық жеткізуші ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырушы, мәдениет пен білімнің қайнар көзі болып табылады.

Елімізді дамыған мемлекеттер қатарына қосуды



қаласақ, біз де мерзімді баспасөзді қолдап, оны күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналдыруымыз қажет.

Биыл мерзімді баспасөзге жазылу бұрынғыдан да жеңілдей түсті. Енді қажетті басылымыңызға Kасpi QR арқылы оңай әрі жылдам жазыла аласыз. Бұл – уақыт үнемдеудің әрі өзіңізге жақын ақпарат әлемінен ажырамаудың таптырмас мүмкіндігі.

Мерзімді баспасөздің ең басты байлығы – оның оқырманы. Баршаңызды осы мүмкіндікті пайдаланып, облыстық газетке жазылып, туған өңіріңіздің жаңалықтарынан әрдайым хабардар болып отыруға шақырамын!

Ерлан ҚҰСАЙЫН,
Бұқар жырау ауданының әкімі

• РЕСМИ

Әлеуметтік қолдау азаймайды

Жеке мектептерде оқитын аз қамтылған отбасы балаларына мемлекет тарапынан оқу құралдарын алуға қаржылай қолдау көрсетіледі. Парламент Сенаты білім және бала құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі мақұлдаған заң аясында жекеменшік мектептерде осал отбасылар санатындағы балаларға әлеуметтік көмек көрсетуді енгізу көзделген.

Аялым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң жобасында бес новелла ұсынылды, оның біреуі жекеменшік мектептерде оқитын аз қамтылған отбасылар балаларына қатысты. Онда ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен емес мөлшерде қажетті мектеп керек-жарактарымен қамтамасыз етуге бағытталған нормалар көзделген.

– Бұған дейін көмек тек мемлекеттік мектептердің оқушыларына ғана берілетін, ал, енді жеке мектептерде оқитын балалар да осындай көмек алатын болады. Бұл – мектептің меншік нысанына қарамастан, барлық балалар үшін білім берудің тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадам, – деп атап өтті Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Осман.

Айта кетейік, әлеуметтік осал отбасылардан шыққан 510 мыңнан астам бала мемлекеттен киім-кешек, оқу құралдарын сатып алу үшін қаржылай қолдау алды. Бұған дейін Оқу-ағарту министрлігі көмек көрсету механизмін жақсарту мақсатында ата-аналардың есепшоттарына қаражат аудару шараларын енгізген еді. Көмек алу үшін ата-ана алдымен баласының оқитын мекемесіне тиісті өтініш беруі қажет.

«ORTALYQ QAZAQSTAN»
GAZETINE
Kaspi QR
АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ



Жеке жазылушылар үшін

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2025 жылға жазылу науқаны басталды. Газетке жазылушы «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / ҚАЛА (теңге)	
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 ай	10447,44
	12 айға	20894,88
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3386,60
	12 айға	6773,20
«Қазпошта» АҚ каталогы бойынша / АУДАН / АУЫЛ (теңге)		
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5882,60
	12 айға	11765,20
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3074,60
	12 айға	6149,20
Жеткізусіз	12 айға	4116

Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85,
8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Сарандағы салмақты кездесу



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жыл бойы тұрғындармен 13 кездесу өткізген. Аталған кездесулерде түрлі саланы қамтитын 400-ге жуық мәселе көтерілген. Қорытынды кездесу Саран қаласындағы қалалық мәдениет үйінде өтті.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ашық диалог түйткілді проблемаларды шешуге бағытталған мәселелер шеңберін анықтауға көмектесетіні белгілі. Дерекке сүйенсек, аймақ басшысының жеке қабылдауына қалалар мен аудандарда 139 адам жүгініпті.

– Жалпы, Саран қаласы дамып келеді. Дегенмен, әлі де жұмыс істеу керек. Бірінші кезекте тұрғын үй коммуналдық шаруашылығын жаңғырту, инженерлік инфрақұрылымды жаңарту мәселелері тұр. Су құбыры желілерін қайта жаңарту жүргізілуде, екінші су таратқышты жаңғырту жұмыстары басталды. Бұл жобалар қаланы тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін келесі жылы аяқталуы тиіс, – деп атап



өтті Ермағанбет Бөлекпаев. Бұдан бөлек, жылумен жабдықтау мәселесі де күн тәртібінен түспейді. Мердігер қажетті жабдықты реттеуді жалғастырып жатыр. Жылу көзінің жоспарлы қуатқа шығуы тұрақты бақылауда қала бермек.

Сонымен қатар, электр желілері де жаңартуды қажет етеді.

Бүгінде экономиканы әртараптандырудың арқасында Саран моноқалалар санатынан

шықты. Қазіргі уақытта Саран Солтүстік өнеркәсіптік және Индустриялық аймағының алаңдарында жалпы құны 380 млрд теңгеге жуық 9 инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. Алты мыңға жуық адам жұмыспен қамтылған.

Кездесуге қатысқан тұрғындар «Индустриялық аймақтан Қарағандыға жеке жол салуға бола ма?» деп сұрады. Бұл жағдайда ауыр жүк машиналарының қазіргі негізгі жолды тоздырмайтынын атап айту керек. Жобаның мүмкіндіктері зерттеліп, зерделенетін болады.

Одан бөлек, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы мен көлік қатынасы мәселелері де көтерілді. Олардың бірқатарын шешу үшін облыс әкімі қолма-қол жауапты сала мамандарына тапсырма берді.

Қаланың жаңа әкімі Дарын Бұлқайыр мырзаға абаптандыру, тазалық және тәртіп орнату міндеттері қойылды. Оның ішінде, аулалар, үйлердің қасбеттері бойынша бағдарлама болуы тиіс.

– Жыл басынан бері барлық қалалар мен аудандарда кездесулер өткіздім. Барлық жерде өзекті мәселелер ортаға салынды. Негізінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы саласы, тұрғын үй, абаптандыру мәселесіне қатысты сұрақтар қойылды. Олар – облыс тұрғындарын мазалайтын күнделікті проблемалар. Алдағы уақытта әлі қорытынды жасауымыз керек. Кейбірі шешілді. Шешу жолдарын әзірлеу үшін белгілі бір зерттеу мен талдауды қажет ететін мәселелер де бар, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

• ҚҰРМЕТ

Энергетиктердің еңбегі еленді

Қазақстанда энергетик күні желтоқсанның әр үшінші жексенбісінде мерекеленеді. Облыс әкімдігінде тұрғындардың үйіне жарық пен жылу сыйлайтын жандарға ерекше құрмет көрсетілді. Энергетика саласының қызметкерлеріне Мемлекет басшысының атынан мемлекеттік наградалар табысталды. Үздік қызметкерлер мен ардагерлерді кәсіби мерекесімен облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Қобжанов құттықтады.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Еліміздің, облысымыздың энергетикалық инфрақұрылымын жаңарту уақыты келді, – деп атап өтті Ермағанбет Бөлекпаев. – Бұл салада да толайым жетістіктеріміз бар. Атап өтсек, Қарағандыда үшінші жылу құбырының құрылысы сәтiмен аяқталды. Темiртаудағы жетiншi жылу электр орталығының екiншi қазандығын iске қосу-жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Мұның бәрi сайып келгенде тұрғын үй, әлеуметтік нысандарды еш кедергiсiз салуға соны мүмкiндiк ұсынады. Алдағы жылдың наурыз айында Топар мемлекеттік аймақтық электростанциясына су жаңа турбогенератор орнатылады. Бiз, сондай-ақ, «жасыл» энергияға көп көңiл бөлемiз. Оның жарқын айғағы ретiнде Осакаров аудан-таймын. Денсаулық, сәтiлiк тiлеймiн, бәрi жақсы болсын! – дедi Сергей Седлецкий.

Ал, «Қарағанды Жарық» ЖШС Бас директоры Дидар Ахмадин мен «Qatme» кәсiпорның слесарь-жөндеушiсi Сергей Чугунов Шi дәрежелi «Еңбек Даңқы» орденiмен марапатталды. «Ерен еңбегi үшiн» медалi «Қарағанды Энергоцентрiне» қарасты жылу электр орталығына қарасты үшiншi қазандық дайындау цехтарының жабдықтарын жөндеу жөнiндегi слесарь Төрeбай Құттыбаевқа табысталды.

Өнiрдiң әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан еңбегi үшiн тағы 29 адам Қарағанды облысы әкiмiнiң Құрмет грамотасымен марапатталды. Солардың бiрi – еңбек ардагерi Владимир Литвинов. Ол өзiнiң сүйiктi жұмысына 54 жыл өмiрiн сарп еткен. Ендi оның өнегелi iзiн



ныңда жел генераторлары бар арнаулы дiңгектер орнатылуда. Темiртау қаласы, Бұқар жырау және Шет аудандарының айналасында жел станцияларын салу да жоспарлануда, – дей келе, өңiр басшысы энергетика саласының барлық қызметкерлерiне жергiлiктi инфрақұрылымды дамытуға әрi аймақ тұрғындарының лайықты өмiр сүруiне қолайлы жағдай жасауға қосқан баға жетпес үлесi үшiн алғаусыз алғыс айтып, ардагерлерге iзет бiлдiрдi.

Аталмыш саланы дамытуға қосқан елеулi үлесi үшiн «Құрмет» орденiмен «Теплотранзит Қарағанды» жауапкершiлiгi шектеулi серiктестiгiнiң Бас директоры Андрей Ляпунов, еңбек ардагерi Валерий Наумов және «Қарағанды Жарық» серiктестiгiнiң техникалық директорының орынбасары Сергей Седлецкий марапатталды.

– Мен бала кезiмнен электр энергиясына зор қызығушылық таныттым. Еңбек жолым 90-жылдардың соңында Қарағанды электр желiлерiн тарату кәсiпорында сынау және өлшеу бағыты бойынша электромонтер болып бастаған едiм. Қазiр қарасам, «Қарағанды Жарық» компаниясында аттай 20 жылдан астам уақыт қызмет өтеп келедi екенiмi. Менiң жалпы еңбек өтiлiм – шамамен 30 жыл. Жұмыс ұнайды, бұл сан қилы сала кез келген адамның мазмұнды өмiрi үшiн аса маңызды. Өрiптестерiмдi кәсiби мерекесiмен шын көңiлiмнен құт-

балалары басып келедi. Қызы мен ұлы да энергетика жолын тандапты.

– Төл тәжiрибемнен-ақ энергетиктер елiнiң ерен-ғайып еңбегi баға жеткiсiз қазына екенiн бiлемiн. Өйткенi, энергетика – экономиканың қозғаушы күшi. Облыста электр энергетикасы саласын дамыту жолында iргелi жоспарлар бар екенi қуантанды. Салтанатты жиынға қатысушыларды құттықтай отырып, толайым табыс пен отбасыларына есендiк тiлеймiн! – дедi Владимир Литвинов өз сөзiнде.

Тұтастай алғанда, энергетика – құр электр қуатын жеткiзу, яки, жалаң ғана жылу жүйесiн қамтамасыз ету емес. Бұл – тiрiшiлiктiң тiрегi, халықтың әл-ауқатын арттыратын күрделi кешен. Облыс әкiмдiгiнiң төрiнде өткен салтанатты шара осы ардақты кәсiп иелерiне көрсетiлген құрмет – олардың ұшан-теңiз еңбегiн мойындау ғана емес, болашақ ұрпақ үшiн жасап жатқан зор үлесiн бағамдау. Жарық пен жылу – жайлылық пен дамудың айқын белгiсi. Өрбiр жаңа генератор, әрбiр жаңартылған құбыр – елiмiздiң әлеуетiн арттыруға арналған нақты қадам. Бiрақ ең маңыздысы, бұл сала адамдары жанкештi еңбегiмен жанданып, ел дамуына сарқылмас қуат сыйлайды. Ендеше, жарқын болашаққа апарар жолды жалғастырып жүрген энергетиктердiң кемел келешектегi соны сүрлеуi жарық болсын!

Суреттердi түсiрген **Жангелдi ӘБДІҒАЛЫМ**

• САУАЛНАМА

Тұрғындар тілегі тасада қалмады

Биыл аймақтағы ауылдарда электр бағандары мен әртүрлі жарық беру тіректерін ретке келтіру, тазалау жұмыстары қарқынды жүрді. Осы орайда Бұқар жырау ауданы Ботақара кенті тұрғындары арасында биыл атқарылған жұмыстарға қатысты шағын әлеуметтік сауалнама жүргізіліп, барлық тілектер мен ескертулер ескерілді.



Тротуармен жүрген ыңғайлы

Әкiнiшке қарай тротуар плиткаларын сындырып кететiн жағдай жиi кездесiп тұрады. Өрбiр ауыл азаматы қала мүлкiне жанашырлықпен қараса, мұндай жағдай болмас едi.

Бүгiнде бүлiнген тротуарлар қалпына келтiрiлдi. Көшелерде бүлiнген тротуарларды қайта қалпына келтiру және жаңадан тротуар төсеу жұмыстары қарқынды жүрдi. Әсiресе, қала бойынша жол жөндеуге байланысты жасалған кейбiр жобаларда жаяу жүргiншiлер жолдарын, ал кейбiреулерiнде жарық шамдарын орнату, суағар жүйелерiн жаңғырту жұмыстары жүргенiн көрдiк.

Елiмiзде ауылдардағы тұрмыс-тiрiшiлiктi жақсартуға бағытталған осындай жұмыстар жалғасын тапса деген тiлек бар. Ауылдарды әлеуметтік-экономикалық тұрғыда дамытуға атсалысуымыз керек. Сонымен қатар шалғай елдiмекендердi де абаптандырып, жаңа бiр деңгейге көтеру мақсаты көзделсе екен.

Еркін ҮМІТБАЙ,
Ауған соғысының ардагері

Жолдар жаңа кейіпке енді

Ботақара кентінде көшелерге жарық шамдарын орнату және ретке келтіру жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Автомобиль жолын жөндеу кезеңінде

Қазіргі таңда көше шамдары ерекше сүйкімділік беріп, ауыл көркін ашып тұр. Олар түнде жарқырап қана қоймайды, сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз етеді. Олардың жарығымен көшелер анық көрініп, оқиғалар мен қылмыс қаупі азаяды.

Қалкен ЗЕЙНИДЕНОВ,
зейнеткер

Дайындаған **Аяулым СОВЕТ**
«Ortalyq Qazaqstan»



• ФОРУМ

Азаматтық қоғамның жүгі ауыр

Елімізде үкіметтік емес ұйымдардың даму тарихы беріректе болса да, олардың дәуірі артқан. Қоғам мен билікті жалғап қана қоймай, мемлекеттік қызмет саласына жүктелген ауыр жүктің бір бөлшегін өзі көтеріп, талай әлеуметтік жобаларды лайықты алып жүрген еліміздің үкіметтік емес ұйымдары – бүгінде оң өзгерістердің бастамашысы. Үкіметтік емес ұйымдар еліміздің азаматтық қоғамында және әлеуметтік-саяси өмірінде маңызды рөл атқарады десек, артық айтқандық емес. Биыл да жыл сайынғы дәстүр бойынша Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» «Адал азамат – белсенді қоғам» атты облыстық азаматтық форумы өтті. Форум жұмысына облыстың ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, Қазақстанның Азаматтық альянсының атқарушы директоры Мұрат Омашев және облыстың Қоғамдық кеңесінің мүшелері қатысты.

Салтанат ГЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, елімізде үкіметтік емес ұйымдар бірнеше маңызды функцияларды жүзеге асырады. Олардың қатарында азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу, адам құқықтары мен сөз бостандығын қолдау, мониторинг және бақылау жүргізу, әлеуметтік көмек көрсету, инновацияларды дамыту және түрлі шешімдерді әзірлеу бар. Осылайша, үкіметтік емес ұйымдар мемлекет пен қоғам арасындағы маңызды байланыстырушы буын бола отырып, халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін ескеріп, өзара түсіністік пен ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

Облыста жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін форум азаматтық қоғамды дамыту мен оның әртүрлі субъектілері арасындағы ынтимақтастықты нығайтудағы маңызды шара. Мұндай форумды өткізу қоғам мен мемлекет арасындағы өзара әрекеттестікті жақсартуға, сондай-ақ, өңірдегі негізгі әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге бағытталған нақты ұсыныстар мен шешімдерді әзірлеуге ықпал етеді.

«Елімізде үкіметтік емес ұйымдар бірнеше маңызды функцияларды жүзеге асырады. Олардың қатарында азаматтық қоғамның дамуына жәрдемдесу, адам құқықтары мен сөз бостандығын қолдау, мониторинг және бақылау жүргізу, әлеуметтік көмек көрсету, инновацияларды дамыту және түрлі шешімдерді әзірлеу бар. Осылайша, үкіметтік емес ұйымдар мемлекет пен қоғам арасындағы маңызды байланыстырушы буын бола отырып, халықтың әртүрлі топтарының мүдделерін ескеріп, өзара түсіністік пен ақпараттандыруды қамтамасыз етеді.

– Азаматтық қоғамды дамыту институты ретінде біз орталық және жергілікті атқарушы органдармен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқан міндеттерді орындауда бірлесу жұмыс жасаудамыз. Оның барлығы елімізді дамытуға, сондай-ақ, бәсекеге қабілетті қоғам қалыптастыруға әкелуі тиіс. Ол үшін елімізде маңызды саяси, экономикалық және әлеуметтік реформалар жүргізілуі, – дейді облыстың кеңескерлер қауымдастығының атқарушы директоры Серік Санубаев.

Ал, форумға қатысушыларды құттықтаған Нұрлан Бикен



үкіметтік емес ұйымдардың саны небары жүз шақты ғана болса, қазір олардың саны мыңнан асады. Ал, мемлекет бойынша бұл көрсеткіш – жиырма мыңнан асады, – деді Нұрлан Рахметоллаұлы. Басқарма басшысының айтуынша, бүгінде облыста мем-

шығармай атқарып отырған да осы үкіметтік емес ұйымдар.

– Үкіметтік емес ұйымдардың болашағы – зор. Себебі, тұрғындармен жұмыс маңызды. Олардың үнін билікке жеткізетін де солар. Форумда айтылған

«Осыдан жиырма жыл бұрын үкіметтік емес ұйымдармен жұмыс жасай бастаған кезде жағдай мүлдем басқаша болатын. Содан бері талай өзгерістер болды. Қазір облыс қана емес, аудан және қала әкімдіктері де азаматтық ұйыммен бірлесу жұмыс атқарады. Олар қазір мемлекеттік ұйымдардың маңызды серіктесі. Азаматтық қоғам ретінде халықтың мұң-мұқтажын дөп басып, оны қалай шешу керектігі туралы кеңес беріп келеді. 2000 жылдары облыстағы үкіметтік емес ұйымдардың саны небары жүз шақты ғана болса, қазір олардың саны мыңнан асады. Ал, мемлекет бойынша бұл көрсеткіш – жиырма мыңнан асады.

лекеттік тапсырыспен ауқымды жобалар атқарылуы. Оның ішінде әлеуметтік жобаларды шашуын

пікірлер азаматтардың проблемаларын шешу үшін қандай да бір маңызды шараға айналады деп

Сурет
ұйымдастырушылардан

• ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

Берекелі белесті бағындырған аймақ

Облыс экономикасының тұрақты өсуі мен өнеркәсіптік дамудың оң динамикасы осы жылы да жоғары жағдайға тапты. Өңдеу өнеркәсібіндегі жарқын жетістіктер, жаңа өндіріс нысандарының іске қосылуы, инвестиция игілігінің артуы және шағын және орта бизнестің өркендеуі секілді жағымды жайттар аймақтың экономикалық әлеуетін айтарлықтай арттырды.



Сурет аймақ басқарушыларынан

болат өндірісі 14%-ға артқан. Түсті металлургияда «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС мыс өндіру көлемін 16,4%-ға ұлғайту нәтижесінде жалпы өсім 7,5%-ды құрады.

11 инвестжоба – 2 мың жұмыс орны

Инвестиция тарту саласында да айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізілді. Облысқа 1,1 трлн теңгеден астам қаражат «өз аяғымен келген». Ағымдағы жылы 195 млрд теңге сомасына 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланды. Бұл өз кезегінде 2 мыңнан астам жұмыс орнын ашуға тың мүмкіндік ұсынады. Ірі жобалар қатарына Шет ауданындағы «Kuzyl Agy Corper» серіктестігінің жылына катодты мыс өндіруге арналған «Алматы-2» тау-кен өңдеу кешенінің құрылысы жатады. Жоба құны – 112,5 млрд теңге. Құрылыс ба-

жұмыстары басталды. Жобаның құны – 62,8 млрд теңге. Бұған 1145 жаңа жұмыс орнын қосып қоялық.

Облыстың өнеркәсіптік алаңдарын дамыту жалғасуда. «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағының аумағында қазіргі уақытта 24 резидент тіркелген, оның ішінде, ағымдағы жылы 4 жаңа қатысушы тіркелген. Ерекше жеңілдікті режимнің арқасында арнайы экономикалық аймақ аумағында 10 жоба іске қосылып, 185,6 млрд теңге жұмылдырылды. 1 354 жұмыс орны құрылды. Іске асыру сатысында 14 жоба бар. Мұның ішінде «Power Blast» ЖШС жарылғыш заттарды өндіру жобасын биыл іске асыру көзделді. Ірі өнеркәсіптік алаңдарының бірі – «Саран» индустриялық аймағында да жоталы жобаларды іске асыру белсенді түрде жалғасуда. Қазіргі таңда резиденттер бұл аймаққа 200

зауыты» ЖШС-нің мырышталған металл бұйымдарын өндіру және «ТАМПО-Қазақстан» ЖШС-нің болат түзу жик құбырларын өндіру бойынша жобалары іске қосылды.

Орта және шағын бизнес белдеуі

Сонымен қатар, облыста 3 шағын өнеркәсіп аймағын құру жұмыстары жүргізілуде. Бұл жоба «Сарыарқа» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қатысуымен жүзеге асырылуда. Бағдарлама өңдеу өнеркәсібінде шағын және орта бизнес субъектілеріне даярланған өндірістік ғимараттар салуды немесе қолданыстағы ғимараттарды қайта жаңартуды қарастырады. Жоба аясында 3% жеңілдікті кредит беру механизмі қоса ұсынылған.

Арқада ірі кәсіпорындардың айналасында шағын және орта бизнес белдеуін құру үдерісі де бәсеңсімейді. 2024 жылы «Qatmet» АҚ мен «Қазакмыс корпорациясы» ЖШС сияқты жүйе құраушы кәсіпорындар 77 жергілікті кәсіпорынды жалпы сомасы 119,6 млрд теңгеге тапсырыстармен қамтамасыз етті. Ағымдағы жылдың басынан бастап 7,1 млрд теңге көлемінде 12 офтейк-келісімшарт жасалып, олар сәтті жүзеге асырылуда. Бұл келісімдер ШОБ субъектілерінің тұрақты дамуына және аймақтық өнеркәсіптің өндірістік әлеуетін арттыруға ықпал етуде.

Көшбасшы мәртебесінде

Қол жеткізілген нәтижелер облыстың ұзақ мерзімді даму стратегиясының тиімділігін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, жаңа жұмыс орындарының құрылуына, әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жақсаруына және тұрғындардың әл-ауқатының артуына ықпал етуде. Алдағы уақытта қолға алынған жобалар мен бағдарламалар облыстың өндірістік және инвестициялық мүмкіндіктерін одан әрі нығайтып, Қазақстанның өнеркәсіптік көшбасшыларының бірі ретінде мәртебесін сақтап қалуға негіз болмақ.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Табыс – 3,6 трлн теңге

Енді дерек пен дәйекке жүгінеміз. Осы жылы облыстың өнеркәсіптік өндірісі 12,1%-ға өсті. Табыс – 3,6 трлн теңгеге. Өңдеу өнеркәсібі саласында 2,7 трлн теңге шамасында өнім шығарылып, негізгі үлесті қамтамасыз етілді. Негізінен өсім көрсеткіші сап басындағы салалардың барлығында аңдалған. Атап өтерлігі, машина жасау, резеңке және пластмасса бұйымдары, фармацевтика, металлургия кешендері. Тұрақты өндіріс пен жаңа кәсіпорындардың іске қосылуы арқасында нәтиже көз қуантарлық. Облысқа 1,1 трлн теңгеден астам инвестиция тартылып, іргелі жобалар жүзеге асырылу үстінде. Сәйкесінше, индустриялық және арнайы экономикалық аймақтарда жаңа өндіріс нысандары ашылып, мыңдаған жұмыс орны құрылған.

Тағы бір мысал. Машина жасау бағытындағы өндіріс көлемі 21,6%-ға өсті. Бұл жұмыс істеп

тұрған кәсіпорындардың тұрақты қызметі мен жаңадан іске қосылған зауыттардың өндіріс қарқынын арттыру нәтижесінде мүмкін болған. «Qaztehn» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі автобустар мен арнайы техника шығаратын зауыт жыл басынан бері 1180 бірлік техника, оның ішінде, 1062 автобус өндірді. Сонымен қатар, тұрмыстық техника шығаратын «Silk Road Electronics» зауыты 118 мың бірлік техника шығаруға қол жеткізді.

Резеңке және пластмасса бұйымдары өндірісінде 27,5%-дық өсім тіркелді. Бұған «Tengri Tyres» ЖШС-нің шиналар шығаратын зауытының іске қосылуы айтарлықтай септігін тигізген. Осы уақытқа дейін зауыт «Attar» маркалы 140 мың шина өндірді.

Ал, фармацевтика өнеркәсібінде 34,6% өсімге «Қарағанды фармацевтикалық зауытының» тұрақты жұмысы әсер етті. Металлургия саласында да оң динамика байқалды. Қара металлургия өндірісінің көлемі 13,8%-ға өсті. Бұл – «Qatmet» АҚ



мен «Қазакмыс корпорациясы» сынды облыстың жүйе құраушы кәсіпорындарының тұрақты қызметінің нәтижесі. 2024 жылдың 11 айының қорытындысы бойынша «Qatmet» кәсіпорнының

рысында қосымша 780 жұмыс орны құрылған. Сонымен қатар, «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында «Qaragandy Power Silicon» ЖШС кешенді қорытпалар өндіретін зауытын салу

млрд теңгеден астам инвестиция құйып, 4 мың жаңа жұмыс орнын ашты. Аумағында жалпы құны 386,2 млрд теңге болатын 9 жоба жүзеге асырылуда. Жақын арада «Қазақстандық ыстық мырыштау

• БӘРЕКЕЛДІ!

Еншісінде – екі медаль

Жерлесіміз, ФИДЕ шебері, Ұлттық жасөспірімдер құрамасының мүшесі Даниял Сапенов 14-18 жас аралығындағы жастар арасында Даниял Сапенов пен блицен әлем чемпионатында екі медаль жеңіп алды. Атап айтсақ, 16 жасқа дейінгі санатта блиценде алтын, рапидте қола еншіледі.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Словенияда үш күн бойы 36 елдің 318 қатысушы шеберлік байкасты.

– Блиц күрделі өрбиді. Өйткені, алдыңғы кеште ақ және қарамен екі партиядан 11 раунд өтетіні белгілі болды. Қатысушылар таңнан кешке дейін 22 партия ойнады. Вьетнам, Үндістан, Словения, Испания, Германия, Украина, Венгрия сынды елдер мығым дайындығын паш етті. Даниял 22-ден 16,5 ұпай жинап, алдына қара салмады, – деді облыстың шахматтан аға жаттықтырушысы Артем Симонян.

Даниял Сапенов әлемдік деңгейдегі жарыстарға ерлер арасындағы Қазақстан чемпионатының күрделі және жауапты финалынан кейін шықты. Онда бесінші орынға ие болды (7,5 ұпай). Қазақстан құрамасының үздік шахматшыларымен лайықты партиялар өткізіп, жас шебер 2025 жылы еліміздің ересектер біріншілігіне қатысуға жолдама алды.

– Бұл жарысқа өте мұқият дайындалдым. Өйткені, дайындығың мен талпынысың қалай болса, соған лайық нәтижесін көресің. «Не ексең, соны орасың» деп бабаларымыз тегін айтпаған, – дейді Данияр Сапенов

• КЕЗДЕСУ

Бірлестіктердің ісі берекелі

Теміртау қаласында жалпыұлттық бірлікті қамтамасыз ету бағытындағы ынтымақтастықтың болашақтағы мүмкіндіктері талқыланды.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жиында Қазақстан халқы Ассамблеясының Ақсақалдар кеңесі Теміртау қаласының этномәдени орталықтары, металлургия ардагерлері және «Qatme» акционерлік қоғамы басшылығымен кездесті.

Шара аясында Теміртау қаласының этномәдени бірлестіктерінің қолөнер бұйымдарымен танысуға арналған көрме өтті.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстанның ұлттық бірлігін сақтаудағы патриоттық және рухани тәрбиені дамыту бойынша «Адал адам – адал азамат» жобасына тоқталды. Жоба аясында мәдениаралық және этносаралық интеграцияның маңыздылығын талқылады.

– Елімізді танытатын ерекшелік – мемлекетіміздегі эт-

ностардың өзара татулығы. Ассамблея мемлекеттік органдармен, басқа да азаматтық қоғам институттарымен бірлесіп этносаралық тұрақтылық пен бірлікті қамтамасыз етеді. Осы орайда еліміз этнос өкіліне өз тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін дамытуға мүмкіндік берді, – деп атап өтті облыстық Ақсақалдар кеңесінің мүшесі Рымбала Омарбекова.

«Qatme» акционерлік қоғамының бас директоры Вадим Басин компания жүзеге асырып жатқан әлеуметтік жобалар, оның ішінде, этномәдени бірлестіктерді қолдау және Қазақстан халқы Ассамблеясының өңірлік ынтымақтастық нығайту жайын атап өтті.

• ӘЛЕУМЕТ

Ерекше балаға – ерекше қолдау

Балқаш қаласында жаңа психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті ашылды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға көмек көрсетілетін орталықта қызметтер тегін.

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Орталықта сондай-ақ, әсіресе, көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, ой-өріс және эмоционалды-коммуникативті дамуы бұзылған балаларға көмек беріледі.

– Ерекше балалар қоғам назарында. Елімізде ерекше қажеттілігі бар балаларға үлкен қолдау, айрықша көмек көрсетіліп жатыр. Ел Президенті Үкіметке бұл санаттағы балаларға ерекше қамқорлық көрсетуді, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға қоңіл болуді тапсырды.

Орталықта курска бір айналымда 30 баланы қабылдай ала-

мыз. Курс үш айдан алты айға дейін созылады. Ұзақтығы баланың қажеттілігіне және оның диагнозына байланысты, – дейді Балқаш психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің басшысы Мәриян Жүнісова.

Ерекше балалармен дефектолог, логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, психолог, әлеуметтік педагог, емдік жаттығу және ырық терапиясы мұғалімдері жұмыс істейді. Олар балаларды туғаннан 18 жасқа дейін қабылдайды. Кабинетте келушілердің барлық санаттары үшін келдергісіз орта құрылған.

Тегін сабақтарға жазылу үшін

• ЭНЕРГЕТИКА

Газ тартуда кідіріс жоқ

Теміртау қаласының «Ескі қала» аталған бөлігінде 30 шақырымдық газ тарату желісі салынды. Қазір 668 үй орталықстандырылған көгілдір отынға қосылып, барлығы 3330 үйге газ жеткізілді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Дерекке сүйенсек, газ тарту бағдарламасы металлургия қаласында 2020 жылы басталып, сегіз кезеңге бөлініп, сатылап атқарылуда. Бүгінгі таңда қаланың бір бөлігі табиғи газбен қамтамасыз етілсе, ал, Отрадное, АБВ квартал және Достық төбешігі аудандарында газ желілерінің құрылысы жалғасып жатыр.

Нақтырақ айтсақ, табиғи газбен оң жағалау толық қамтамасыз етілген. Мамандар 43,8 шақырым газ тарату желілерін салып, құрылыс 2023 жылдың сәуірінде басталып, уақытында аяқталған.

– Бүгінде Металлургия қаласының 1603 үйінде табиғи газ бар. Оң жағалаудағы 1059 үй газ желісіне қосылды. Сонымен қатар, Ескі қаладағы 668 үй көгілдір отынға қол жеткізді. Газ тарату желілерін кезен-кезенімен саламыз және оларды QazaqGaz Аймақ-та пайдалануға береміз. Алдағы уақытта жеке секторды газдандыру жобасымен барлығы 6357 үй қамтылады. Бұл көптен күткен оқиға қаланың экологиясын жақсартып, тұрғындардың жылуга жұмсайтын шығындарын азайтады, – деп атап өтті Теміртау әкімі Ғалым Әшімов.

Зейнеткер Михаил Ефанов есін білгісі бері оң жағалауда тұрады.

– Біз үшін орталық газға қосылғанымыз – үлкен жеңіс. Үйімізді көмірмен жылытудан шаршадық. Көмір тасимыз, күл шығарамыз, көмір шаңымен дем аламыз. Әлеуметтік қала тұрғын-

дары газға көшкен соң жақсы пікір айтып жатқанын біліп, біз де алдын ала дайындалдық. Үйді газбен жылытуға жабықтадық, – деп ойымен бөлісті ол.

Бір айта кетерлігі, қаржылай көмекке мұқтаж Теміртау тұрғындары үшін мемлекеттік қолдау бағдарламасы жұмыс істейді. Бағдарлама арқылы 2,5 жыл ішінде 228 отбасы газдандыруға субсидия алған. Тұрғындардың кеңес алу үшін Чайковский көшесі, 22 мекенжайы бойынша Теміртау қаласы жұмыспен қамту және әлеу-



Сурет облыс әкімінің сайтынан

меттік бағдарламалар бөліміне жүгінуіне болады.

Табиғи газға қосылуды «QazaqGaz Аймақ» АҚ филиалы

орындайтынын айта кету керек. Компания мамандары техникалық шарттарды рәсімдеумен қатар, қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Құжаттарды алу және қосылуды өтінім беру үшін компанияның Теміртаудағы кеңсесіне жүгіну керек.

Ақжарға ауызсу құбыры келді



Облыс аумағындағы ауылдарда ауызсу мәселесі бірте-бірте шешімін табауда. Бұқар жырау ауданы Ақжар ауылының тұрғындары ауызсу құбырын асыға күтті. Енді, міне, көптен күткен су құбыры іске қосылып, мәре-сәре болуда. Өйткені, бұған дейін ауыл тұрғындары ауызсу құдықтан тасып ішкен-ді.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Аудан орталығынан 60 шақырым жерде орналасқан Ақжар ауылында 350-ден астам адам тұрады. Мұнда интернет желісі, ұялы байланыс, жарықтандыру бар. Осы кезге дейін тек орталық суды ғана күткен еді.

Су құбыры өткен жылы салына бастаған. Аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Әлішер Жаржановтың айтуынша, жоба 2023-2029 жылдарға арналған тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту тұжырымдамасы бойынша іске асырылып отыр.


– Ауылдағы орталықтандырылған судың қосылуы көптен күттік. Ұнғымалардан суды пайдалану кезінде үлкен қолайсыз-

дықтар болғаны рас. Қазір судың сапасы жақсы, бастысы ішуге жарамды. Құрылысқа атсалысқан барлық жауапты маманға мың алғыс! – дейді Ақжар ауылының тұрғыны Зауреш Мауенова.

Бұл жақын арада Ақжарда жасалатын жалғыз ғана жоба еместігін де атап өткіміз келеді. Себебі, Керней ауылдық округінің әкімі Ерхан Есентаев ауылды гүлдендіру бағытындағы жұмыстар су құбырын өткізумен шектелмейтінін айтады.

– Бүгінде жарықтандыруды жаңартып жатырмыз. Келесі жылы Ақжар ауылында кірме жолға күрделі жөндеу және кентішілік жолдарға ағымдағы жөндеу жоспарланды, – деп атап өтті Ерхан Есентаев.

Сурет облыс әкімінің сайтынан



мыз. Курс үш айдан алты айға дейін созылады. Ұзақтығы баланың қажеттілігіне және оның диагнозына байланысты, – дейді Балқаш психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің басшысы Мәриян Жүнісова.



Сурет облыс әкімінің сайтынан

ПМПК қорытындысы бар анықтама және ата-аналардың өтініші қажет. Бұл құжаттарды <https://malahit24.kz> сайтында онлайн

тапсыруға немесе Балқаш қаласы, Жүніс Әбуғалиев көшесі, 2-ғимарат мекенжайы бойынша кабинетке әкелуге болады.

Advertisement for E. Bektov University economics and faculty departments. Lists various courses like 'Economics', 'Management', 'Statistics', etc.

Advertisement for SHINMAX and NORTEG tires. Includes contact information for Shynservice.

